

### Хаттама №33

Қызылқоға аграрлы-техникалық колледжінде 2023 жылдың 17 қаңтарында педагогикалық кеңес өтті.

Қатынасушылар саны:29

Қатынасқандар саны:27

Қатынаспағандар саны:2 (дәлелді себепті)

#### Күн тәртібінде:

Колледж директорының 2022 жылдың 25 желтоқсандағы №231 бұйрығы негізінде құрылған комиссия құрамының мемлекеттік аттестаттау шеңберінде колледждің өзін-өзі бағалау есебі.

Педагогикалық кеңесті колледж директоры Ж.Кукенбаев ашып,Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығына сәйкес,2022 жылдың қарашасындағы Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментінің кезекті аттестациялау кестесі бойынша Қызылқоға аграрлы-техникалық колледжі алдағы жылдың,яғни 2022-2023 оқу жылының ақпан айына жоспарланғанын, осыған байланысты мемлекеттік аттестаттауға колледішілік өзін-өзі бағалау есебін жүргізген комиссия мүшелерінің жұмысының есебінің тыңдалатынын айтып өтті.

#### Тыңдалды:

**Колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары ,комисия төрағасының орынбасары Ә.Абдиғалиева:**2022-2023 оқу жылының ақпан айында өтетін колледжді аттестаттаудан абыроймен жақсы өтіп шығуға тілегін білдіріп,құрылған кеңес мүшелері колледж бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы (әдістемелік ұсынымдарға 14 –қосымшасы) бойынша жұмыстардың әлі де жүріп жатқандығына тоқталды. Кеңес құрамындағы жауапты қызметкерлер сіздердің жасаған жұмыстарыңызды жан-жақты талдап,өзін-өзі бағалау құрылымына материалдар дайындалуда. Мемлекеттік аттестаттауға байланысты барлық мәліметтер НОБД-мен сәйкес келу керектігін ескертті. Жалпы айтқанда колледж тарихынан бастап, материалдық-техникалық база, педагогтардың штаттық кестесі, тарифтеу тізімі, білімалушылар контингенті, пәндік және өндірістік оқу бағдарламалары, алынған оқулықтар мен әдістемелік құралдар туралы толық мәліметтер, 2020 жылдан күні бүгінге оқыту журналдары,тағы басқа көптеген құжаттар қаралып, жан-жақты саралануда.

**Колледж директорының өндірістік оқу ісі жөніндегі орынбасары,комиссия хатшысы:Б.Мырзашева:**Колледждің өндірістік оқыту саласы бойынша көрсетілген жылдар бойынша тиісті құжаттар жинақталып,сканерленген нұсқада дайындалды.Осы жылдар ішінде оқыған оқу топтарының оқу бағдарламалары,өндірістік оқыту журналдары,өндірістік практикадан өткізетін және жұмыс беруші мекемелермен жүргізілген келісім шарттар,колледж түлектерінің жұмысқа орналасу жөніндегі дәлелді анықтамалар жиынтығы,мамандықтар бойынша Worldskills аймақтық чемпионатына қатынасқан құжаттары т.б жинақталып, дайындалу үстінде.

**Колледж әдіскері А.Меделбай:**Осы аттестаттау бұрынғыға қарағанда жеңілдеу, бейнесабақ,тест тапсырмалары алынған және тек соңғы 3 жылдық оқу жылдары қамтылған.Көрсетілген оқу жылдарындағы оқыту стандарттары мен бағдарламалары, біліктілік курстардан өту, кітапхана қоры,білім алушылардың сандық, сапалық құрамы,

оқу-әдістемелік жұмыстар есебі, осы жылдардағы жоғарыда айтылған топ журналдары тексеріліп, сканерленіп, PDF форматқа жинақталуда.

Педагогикалық кеңес мүшелері колледжішілік өзін-өзі бағалау есебін жүргізетін комиссия мүшелерінің жұмыстарын тыңдап, бірауыздан «жақсы» немесе «қанағаттанарлық» деген баға берді.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Қызылқоға аграрлы-техникалық колледжі директорының 2022 жылдың 25 желтоқсандағы №231 бұйрығы негізінде құрылған комиссия құрамының мемлекеттік аттестаттау шеңберінде колледждің өзін-өзі бағалау есебін жүргізген комиссия құрамы жұмысына «қанағаттанарлық» баға беріліп, уақыттың болуына байланысты кейбір толықтырулар қажет жерлерге жүргізілсін.
2. Колледжішілік өзін-өзі бағалау есебін жүргізетін комиссия құрамы жұмысы колледждің арнайы интернет ресурсына (сайтқа) орналастыруға жұмыстансын.

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Ж.Кукенбаев

Педагогикалық кеңес хатшысы

Н.Елемесова

